

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫН ДАМУЫ МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы AD Ports Group компаниясының басқарушы директоры Мұхаммед Жуму әл-Шамисиді қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ақтау және Құрық порттарын дамытуды Қазақстан стратегиялық мақсат етіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Жуму әл-Шамиси AD Ports Group компаниясының көлік-логистика саласындағы бай тәжірибесін ескере отырып, осы саладағы өзара тиімді қарым-қатынастың перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнайын Орта дөліз арқылы Әзербайжанға тасымалдау жөніндегі «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен AD Ports Group арасындағы ынтымақтастықты оң бағалады.

Президент Еуразияны Шығанақпен, Африкамен және Үндістанмен байланыстыратын «Солтүстік – Оңтүстік» бағдарының әлеуетін пайдалану жоспары туралы айтты. Оның пікірінше, 2027 жылға қарай аталған бағыттың жүк өткізу қабілеті кемінде 70 пайызға артып, 9 миллион тоннадан 15 миллион тоннаға дейін ұлғаюға тиіс.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» мен AD Ports Group арасында бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі уағдаластықты ерекше атап өтіп, бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – БИЗНЕС



4  
БЕТ

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТҚАН ТҮРКІСТАН



6  
БЕТ

## ОҚЫРМАН МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРАТЫН ОРТАЛЫҚ



«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында «Кітап-AMANAT» мәдени-ағарту орталығы ашылды. Оған «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринова, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, партияның облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков және зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері мен оқырмандар қатысты.

3 >>

## ЕГІНЖАЙДАҒЫ ЕҢБЕК ЕСЕЛЕНІП ҚАЙТТЫ МА?

Ерте көктемнен егістік алқапта еңбек көрігін қыздыратын диқан қауымы берекелі күзде мол өнімге қол жеткізуді көздейді. Бұл ала жаздай атыз жағалаған ағайынның төккен терінің өтеуі қайтты деген сөз. Алайда соңғы жылдары өңірде су тапшылығы егін шаруашылығын айтарлықтай тұралатып тұр.

7 >>



## ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай коммунистік партиясы ОК Саяси кеңесі тұрақты комитетінің мүшесі, ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Дин Сюэсянды қабылдады.

Кездесу барысында қазақ-қытай стратегиялық серіктестігінің жай-күйі және оны дамыту перспективасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бұған дейін қол жеткізген уағдаластықтарын екі ел үкіметтерінің іске асыру барысы талқыланды.

— Қытаймен екіжақты қатынасты мүлде жана деңгейге көтеру Қазақстанның маңызды стратегиялық басымдығы саналады. Шын мәнінде, қазақ-қытай байланыстары өзара тиімді мемлекетаралық ықпалдастықтың үлгісін көрсетеді деп ойлаймын. Біз Қытайды өте маңызды стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз және барлық саладағы ынтымақтастықта нақты нәтижеге қол жеткізетімізге үлкен үміт артамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуырда өткен жоғары деңгейдегі үшінші «Бір белдеу, бір жол» форумы орасан зор табысты болғанын және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ауқымды бастамасының одан әрі даму жолын айқындағанын еске салды. Президенттің айтуынша, Қазақстан бұл жобаны жүзеге асыруға жан-жақты атсалыса береді.

— Өзіңізге мәлім, мен жақында Бейжіңге ресми сапармен барып, Төраға Си Цзиньпинмен жан-жақты келіссөздер жүргіздім. Жоғары деңгейдегі келіссөздер өте мазмұнды болды және ынтымақтастықты нығайту жолындағы маңызды кезеңге жол ашты. Өзара визасыз режим күшіне енді. Келесі жыл Қазақстанның Қытайдағы туризм жылы болып жарияланды. Бұл өзара қарым-қатынас, әсіресе жастар үшін өте маңызды шешім деп санаймын. Қытаймен арадағы ынтымақтастықты

дамыту әрбір елдің басымдықтарының бірі екенін тағы да атап өткім келеді. Біз бұл мәселеге жоғары деңгейде мән береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент бүгін Астанада өткен Қазақстан мен Қытайдың Ынтымақтастық жөніндегі комитетінің 11-отырысы сауда-экономика саласындағы бірлескен іс-қимылдарды әзірлеу ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Өз кезегінде Дин Сюэсян Қасым-Жомарт Тоқаевқа ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің сәлемін жеткізіп, екіжақты ықпалдастықтың даму қарқынына көңілі толлатынын айтты.

— Біз мемлекеттер басшыларының уағдаластықтарын іске асыру арқылы өзара ынтымақтастықта жана нәтижеге ұдайы қол жеткізуді мақсат етеміз. Қытай Қазақстанның мемлекеттік құрылыс саласындағы орасан зор жетістіктеріне шын жүректен қуанады. Қытай-Қазақстан қатынастарының табысты дамуы біздің ортақ мүддемізге толық сай келеді, сондай-ақ өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа ықпал етеді. Қытай тарапы мемлекеттер басшыларының қол жеткізген уағдаластықтарын және «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жоғары деңгейде әрі сапалы түрде бірлесіп жүзеге асыруға дайын, — деді ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары.

Кездесу барысында сауда, ауыл шаруашылығы, инвестиция, көлік, логистика, энергетика және басқа да салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың өзектілігі атап өтілді.

## АРАЛҒА СУ КЕЛЕ МЕ?

Соңғы кезде «Орталық Азия елдері Арал теңізін құтқару жолдарын бірлесе іздейтін» деген мазмұнды хабар қоғамда кең тарапты, соған орай әлеуметтік желіде оң пікірлер туындап жатыр. Бұл тек бір өлке, бірнеше ел аумағындағы емес, әлемдік кеңістік ауқымындағы игі жаңалық деуге негіз бар. Себебі дүниеде белең алып бара жатқан қатерлі проблемалар арасында Арал теңізінің жағдайы 60 жылдан астам уақытқа созылып және әлі де жалғасып бара жатқан ауқымды мәселе.

5 >>



## ХАКАТОН ХИКАЯСЫ: ЕЛОРДАДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЖАРЫС

Бас қаладағы Астана халықаралық мектебінде 7-12 сынып оқушылары арасында ISA Hackathon атты ерекше жарыс өтті. Дода шарты бойынша «мектеп – оқушы – ата-ана» үштік одағы бірлесе жұмыс істеуі қажет. Білім ордасында алғаш рет өткен бұл жарыстың басты ерекшелігі – оқушылар 24 сағат бойы өз командаластарымен бірге тоқтаусыз бағдарлама жасаған.

8 >>





## ЕЛІМІЗДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің Президенті қызметіне ресми түрде кіріскеніне тура бір жыл толуына орай Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі парағында өз пікірін жазды.

Онда былай делінген: «Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы жалпыұлттық сайлауда жеңіске жетіп, ел Президенті қызметіне ресми түрде кіріскеніне тура бір жыл толып отыр.

Аталған сайлауда Қазақстан халқының басым көпшілігі Мемлекет басшысы ұсынған реформалар бағдарламасын және Әділетті Қазақстан құру бағдарын қолдап, дауыс берген еді.

Осы уақыт ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өміріне және экономикасына әсер еткен айтарлықтай өзгерістер болды.

Биліктің барлық тармақтары қайта жаңғыртылды. Саяси жүйені демократияландыру жолында маңызды қадамдар жасалды. Тежемелік пен тепе-теңдік жүйесі күшейе түсті. Өңірлердің дербестігі де нығайып келеді. Әкімшілік реформа іске асырыла бастады.

Сайлау жүйесі жанартылып, соның негізінде Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы өтті. Аудандар мен ауыл әкімдерінің сайлауы да жаңа талаптарға сәйкес өткізіліп жатқаны белгілі.

Жалпы айтқанда, өткен бір жылдың ішінде елімізде әділетті, теңгерімді және демократиялық саяси жүйенің негізі қаланды.

Халықтың әл-ауқатын жақсарту және өмір сүру сапасын арттыру бағытында да ауқымды жұмыс атқарылды.

Әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру үшін арнайы Әлеуметтік кодекс қабылданды. «Жайлы мектеп», «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту», «Ауыл аманаты» сияқты ұлттық жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Келесі жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» президенттік бағдарламасы аясында төлемдер төлене бастайды.

Қазірдің өзінде әділетті экономикалық жүйе құру бағытындағы жұмыстардың нақты нәтижелерін

көріп отырмыз. Монополиямен және сыбайлас жемқорлықпен қатаң күрес қарқынды жүргізіліп жатыр. Жалпы сомасы 1 трлн теңге болатын заңсыз иемденілген активтер және шамамен 8 млн гектар пайдаланылмай жатқан жер мемлекетке қайтарылды. Шағын және орта бизнесті қолдауға арналған жүйелі шаралар қолға алынды.

Ел экономикасына шетелдік инвестициялардың салынуы да белсенді жалғасып келеді. Сыртқы сауданың өсу қарқыны көңіл қуантады. Осындай шаралардың арқасында 2023 жылдың қорытындысы бойынша, ел экономикасының өсуі 5 пайыз көлемінде болды деп болжанып отыр.

Мұндай нәтижелер Президентіміздің бастамасымен іске асырылып жатқан реформалардың тиімділігін айқын көрсетеді.

Осылайша, бір жылда көп жұмыс істелді. Алда әлі талай ауқымды міндеттер тұр. Мемлекет басшысы 2029 жылға қарай елдің жалпы ішкі өнімін 2 есеге ұлғайтуды, яғни 450 млрд долларға жеткізуді міндет етіп белгілеп берді. Сондай-ақ экономиканы әртарапандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, ауыл шаруашылығының өнімділігі мен тиімділігін арттыру, еліміздің барлық өңірінде инфрақұрылымды жаңғырту және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі жақсарту сияқты стратегиялық межелер бар.

Осындай мақсат-міндеттерді нәтижелі іске асыру үшін қазақстандықтардың алдағы уақытта да Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясатын қолдап, Мемлекет басшысының төңірегінде топтасуы аса маңызды.

«Бірлігі бекем ел биікті бағындырады» дейді. Шын мәнінде, біз әділетті, жанарған, инклюзивті және демократиялық Қазақстан құру жолында жұдырықтай жұмыла білесек, көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз».

## «ҚАЗАҚМЫС»: ЕКІ КЕНШІ ҚАЗА БОЛДЫ

«Қазақмыс» компаниясының Жамбыл облысындағы «Жайсан» кенішінде қайғылы оқиға болды. Бұл туралы компанияның баспасөз қызметі хабарлады.

«Тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде Ф.Омаров атындағы шахтада проходкалу трестінің 1981 және 2002 жылғы үнгуші қызметкерлері ауыр жаракат алып, қайтыс болды. «Қазақмыс» компаниясының басшылығы мен еңбек ұжымы қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айта-

ды», – делінген хабарламада. Қазір арнайы комиссия жазатайым оқиғаның мән-жайын анықтап жатыр.

Еске сала кетейік, 22 қараша күні «Қазақмыс» компаниясының Жезқазғандағы №2 өңдеу зауытында 1980 жылғы конвейер машинисі қаза тапқан еді. Конвейер механизміне қысылып қалған ол жаракат алған. Оқиға орнына жедел жеткен медицина қызметкерлері жаракат алушының қайтыс болғанын мәлімдеді. Бұл оқиғаның да себептері анықталып жатыр.

## МАҢҒЫСТАУДА ЗӘЙТҮН ӨСІРІЛМЕК

Кеше Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев елордадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өңірдің биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді.

Оның айтуынша, облыстағы агроөнеркәсіп кешені 10 айдың қорытындысы бойынша, былтырғы есептік кезеңмен салыстырғанда өсім көрсетіп отыр. Биыл жалпы құны 1 млрд болатын 4 жоба іске асып, 80 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде азық-түлік сактайтын қоймалар, жылыжай кешені, ет өңдеу комбинаты және ет өнімдерін консервілеу жобалары бар. Жыл жаңалығының бірі – биыл Маңғыстау облысында тәжірибе түрінде зәйтүн ағашы егілді.

«Жергілікті кәсіпкерлер зәйтүн көшетін отырғызу мәселесін қолға алып жатыр. Қазір 2 мың түп зәйтүн ағашы егілді, сонымен бірге тәжірибе түрінде Арыс және Жаркент қалаларында да осындай көшеттер отырғызылған болатын. Егер тәжірибе оң нәтиже көрсетер болса, кәсіпкерлер 10 мың гектарға дейін зәйтүн егіп, оның майын шығаруды кәсіп етпек», – деді Н.Ноғаев.

Облыс әкімінің айтуынша, келесі жылға өңірде 5 жоба жоспарланып отыр, оның ішінде 4 жылыжай құрылысы бар. Оның себебі өңірде азық-түліктің 84 пайызы сырттан келеді. Сол тәуелділікті азайту үшін жылыжайлардың көптеп салынғаны дұрыс. Бұл жобалардың құны – 2,2 млрд теңге.



## ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІТІЛДІ



Сенаторлар 30 қараша күні өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы Сенат отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екінші оқылымда қарайды.

Айта кетейік, құжат нормаларына сәйкес Әкімшілік құқықбұзушылық туралы, Кәсіпкерлік, Еңбек, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының он заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Сонымен қатар сенаторлар салық саласын жетілдіруге арналған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Рес-

публикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды. Атап айтқанда, микроаржы ұйымдары үшін провизиялардың мөлшерін азайту кезінде салық жеңілдіктерін енгізу, талап қою кезінде мемлекеттік баждарды төлеу және басқа да бірқатар маңызды өзгерістер бойынша тиісті түзетулер енгізіледі.

Сондай-ақ Бюро отырысында Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

## АДАМ САУДАСЫНА ЖОЛ ЖОҚ



ІІМ-нің апта сайын өтетін брифингінің кешегі кезекті саны елдегі адам саудасына қатысты болды.

Онда Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің бастығы Қанат Нұрмағамбетов қылмыстық істер статистикасын келтірді. Оның айтуынша, жыл басынан бері полиция органдары 124 қылмыс тіркеген. Оның ішінде, адам саудасына қатысты 27 факті бар, соның ішінде көмелет жасына толмағандарды сату дерегі – 22. Жезөкшелікке тарту – 10, оның ішінде көмелет жасына толмағандарды тарту – 5. Адам ағзасын сату – 4, қанау мақсатымен бас бостандығынан айыру – 4, притондар ұйымдастыру, жеңгетайлық – 79 факті.

«Таяуда республикалық «Стоп трафик» жедел алдын алу іс-шарасы аяқталды. ЖААІШ барысында

39 дерек әшкере болды. Оның ішінде бесеуі адам ағзасын сатумен байланысты. Еңбекті қанау мақсатымен адамды заңсыз бас бостандығынан айырудың 3 фактісі анықталды. Адам саудасына қатысты 7 қылмыс тіркелді. Оның ішінде бесеуі көмелет жасына толмағандарды саудалаған. Жезөкшелікке итермелеудің 4 фактісі белгілі болды. Оның ішінде үшеуі көмелет жасына толмағандар. Сондай-ақ притон ұйымдастырып, жеңгетайлықпен айналысудың 24 дерегі анықталды», – деді ІІМ өкілі.

Сондай-ақ жезөкшелік пен жеңгетайлық ұйымдастырылатынын біле отырып, ғимаратты жалға ұсынғаны үшін 51 әкімшілік құқық бұзу фактісі тіркелген. Сонымен бірге қоғамдық орында мазаны алудың 708 оқиғасы анықталды.

## 51 МЫҢ НЕКЕ БҰЗЫЛҒАН

2022 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша, Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалары бар 476 мың жалғызбасты әке мен ана бар. Соның ішінде 423 959-ы – әйел адам, 52 мыңы – ер адам.

Ұлттық статистика бюросы өкелер мен аналардың барлық санаты ескерілгені айтып отыр. Олар – жесір, ажырасқан, ешқашан үйленбеген санаттағы жандар. Сондай-ақ Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментінің былтыр 129 707 жұп некеге отырып, 51 220 жұп ажырасқаны туралы ақпарат таратты.

«Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы» кодекстің 17-бабына сәйкес неке кәметке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптының арасында мүлік-тік дауларды өзара келісімі бойынша реттеген жағдайларда АХАТ органдарында тікелей бұзылуы мүмкін. Жүргізілген мониторингке сәйкес, азаматтар өзара келісім бойынша некені бұзу туралы өтініш берген кезде негізгі себебі «мінездерінің сәйкеспеуі» деп көрсеткен», – деп хабарлады ведомство.



# ОҚЫРМАН МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРАТЫН ОРТАЛЫҚ

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында «Кітап-AMANAT» мәдени-ағарту орталығы ашылды. Оған «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Карина, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, партияның облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков және зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері мен оқырмандар қатысты.



Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне, ұлттық мүддеге сай келетін кітаптар басып шығаруға ерекше назар аударған болатын. Ол кітап шығару ісі идеологиялық жұмыстың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Адал азамат» тұжырымдамасының мән-мағынасына терең тоқталды. Осыған орай «AMANAT» партиясы Президенттің бастамаларына демеу болып, өз деңгейінде ұлттың зияткерлік дамуына жан-жақты қолдау көрсетуді бастап кетті.

Осылайша, партия биыл күзде еліміздің барлық аймағында кітап орталықтарын ашуды қолға алды. Алғашқы орталық 22 қыркүйекте Алматыда Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың қатысуымен ашылған болатын.

Партия хатшысы Шолпан Карина Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында қолға алынған партиялық бастаманың маңызына тоқталды.

«Еліміздің гүлденуі мен үдемелі дамуы, инклюзивті экономика құру жолы азаматтардың сана-сезімінің жаңғыруы мен және ұлттың жана сапасын қалыптастырумен байланысты екені белгілі. «Адал азамат» тұжырымдамасының мән-мағынасын ашып көрсеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамды

осыған шақырып отыр. Жаңа формациядағы азаматтардың дүниетанымы мен ой-өрісі Қазақстанның бәсекеге қабілетті адами капиталы бар елге айналуының негізгі факторына айналуы тиіс. Біздің жобаның басты мақсаты – партия жанынан оқырман мәдениетінің құндылықтарын қалыптастыратын зияткерлік қоғамдастық құру. Қазір 8 кітап орталығы ашылып, бірнеше қалада, тіпті аудан орталықтарында жұмыс істеп жатыр. Жыл соңына дейін мұндай орталықтар еліміздің барлық өңірінде ашылады», – деді партия хатшысы.

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын орталықтың кітапқұмар қауымның сүйікті орнына айналатынына сенім білдірді.

«Орталық әрқашан оқырмандарға толы болатынына сенімдімін. «Жақсы кітап – ақылды адамның өңгімесімен бірдей» деп бекер айтылмаса керек. Мұның мәні кітапта жанымызға азық болатын ең жақсы ойлар айтылатынында деп ойлаймын. Кітап оқу – уақыттың үстемдігі жүрмейтін мәдениет. Осындай орталықтың өңірімізде ашылғанына өте қуаныштымын. Мұндай игі бастама барлық өңір мен елді мекендерде де жүзеге асады деп ойлаймын», – деді Ерлан Құсайын.

Партия облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков «Кітап-AMANAT» жобасы оқуға деген сүйіспеншілік қана емес, отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттырып, отандық авторлар

мен кітап шығарушыларды қолдауға бағытталғанын атап өтті.

«Кітап сөрелерінен әлемдік классикадан бастап қазіргі заман әдебиетінің түрлі жанрдағы туындыларын табуға болады. Отандық авторлардың шығармалары да оқырманның сұранысына ие болады деп ойлаймын. Біз негізінен қазақстандық жазушылар мен ақындардың кітаптарын көптеп қою арқылы оларды қолдап, оқырмандардың төл әдебиетімізге деген қызығушылығын арттыруға көзделі отырмыз. Партияның бастамасымен ашылған осынау орталықта түрлі іс-шара ұйымдастырылып, онда оқырмандар сүйікті авторларымен кездеседі, оның шығармашылығымен жақынырақ таныса алады», – деді Бекзат Алтынбеков.

Салтанатты іс-шарада облыстағы оқу-ағарту ісінің ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері партиялық жобаға қолдау білдіріп, игі бастама үшін алғысын жеткізді. Олардың қатарында Жазушылар одағы Қарағанды бөлімшесінің директоры Серік Ақсұңқарұлы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Қойлыбай Асанов, Орталық Қазақстан газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков және тағы басқалар бар.

«Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес», – деп қосты белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы.

Айта кетерлігі, енді тұрғындар қаланың қоғамдық көлігінде QR көмегімен кітап оқи алады. Партия бастамасын әкімдік қолдап, бұл – қарағандылықтар үшін жағымды сыйлық болды. Енді әрбір жолашушы қолты сканерлеп, өзіне ұнайтын кез келген кітапты онлайн форматта оқи алады. Қазақ редакциясының кітаптарында партиялық кітап орталығы туралы да ақпарат бар.

Еске сала кетейік, бұған дейін «AMANAT» партиясы мен Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, нақты жоспар бекітілді. Оған сәйкес, жылдың соңына дейін «AMANAT» партиясының филиалдары жанынан барлық облыста, қалада, тіпті, аудан орталықтарында кітап орталықтарын ашу жоспарлануда. Құжат аясында баспагер орталықтарды көлжестімі бағанда жеткіті кітап қорымен қамтамасыз етеді. Онда қазақстандық әдебиет туындылары ғана емес, сонымен қатар әлемдік бестселлерлер де болады.

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінде Шымкент қаласында бой көтеріп жатқан әлеуметтік нысандар құрылысы жоспарға сай атқарылуда. Атап айтқанда, білім саласында 2023 жылы 7 нысанның құрылысын жүргізіп, 6 нысанның пайдалануға тапсыру жоспарланған болатын. Қалған 1 нысанның (Тұран шағынауданындағы оқушылар сарайы) құрылысы 2024 жылға өтпелі.



10 айдың қорытындысы бойынша 5 нысан пайдалануға тапсырылды. Оның ішінде Нұрсат шағынауданындағы оқушылар сарайы, № 8, 45, 65 мектептерге қосымша ғимарат және Майлин көшесі №4 мекенжайында орналасқан өнер мектебі тұрғындар игілігіне берілді. Сайрам шағынауданы №10 колледждің қосымша ғимаратының құрылысы жыл қорытындысымен пайдалануға тапсырылды. Бұдан бөлек, жыл басынан бері 3 спорт нысаны пайдалануға тапсырылды. Олар – металлург стадионы, Бозарық шағынауданындағы ауыр атлетика мектебі және Желтоқсан көшесіндегі №22 медколледж спорт залы. №12 спорт мектебінің қосымша ғимарат құрылысы 2024 жылға өтпелі.

Денсаулық сақтау саласында 1 нысанның (Қазыбек би көшесі, 36 мекенжайындағы стационар құрылысы) құрылысын аяқтауға қаржы қаралып, мекеме құрылысы толық аяқталды. Мәдениет саласындағы 1 нысанның – Шымкент сити шағынауданындағы конгресс-холл құрылысы биыл аяқталып, пайдалануға берілді.

Осы тұста айта кетейік, Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков жуырда жауаптылармен бірге қаладағы құрылысы жүріп жатқан бірқатар әлеуметтік нысанды аралады. Қала басшысы Шымкент сити шағынауданында бой көтерген конгресс-холл ғимаратын аралап, атқарылған жұмыстармен танысты. Қазір мұнда құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, нысанның басқару жүйесіне мамандар оқытылуда. Заманауи талапқа сай жабдықталған ғимаратта халықаралық конгрестерді, форумдарды, мәжілістерді, симпозиумдарды, ресми іс-шараларды және пленарлық отырыстарды өткізуге барлық жағдай жасалып жатыр.

Жобаға сәйкес, бірінші блокта мәдени іс-шараларға арналған кәсіби мультимедиялық жабдықтар орнатылған 2 066 орындық көрермен залы орналасқан. Сондай-ақ 190 орындық конференц-зал, 80 орындық салтанат залы, 40 орындық баспасөз залы, техникалық бөлмелер бар. Ал екінші блокта колонершілер орталығы, шеберхана қарастырылған. Ғабит Сыздықбеков жауаптыларға озық үлгіде жабдықталған жаңа нысанның мүмкіндігін арттыруда бірқатар тапсырма берді. Конгресс-холл өндірістік кестеге сәйкес жыл соңына дейін пайдалануға берілді.

Одан соң үшінші мегаполис басшысы «Шымкент цирк» жұмысымен танысты. Дәл қазір репертуар қорында 22 бағдарламасы бар циркке жылына 90-100 мың көрермен келеді екен. Штаттағы 11 бөлімде 55 әртіс, 22 эстрадалық оркестр, 10 музыка және жарықпен сүйемелдеуші, өзге де техникалық қызметкерлер жұмыс істейді. Қала

әкімі сала басшыларына ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге келергі болып отырған 3,1 гектар жер телімін пайдалану құқығына қатысты өзекті мәселелерді тез арада шешу бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан Ғ.Иляев көшесіндегі № 113/5 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы да қала әкімінің назарында. Күрделі жөндеу жұмыстары қыркүйек айында тұрғындар келісімімен қайтарымды қаржы негізінде басталған болатын. Қазір үйдің қасбетін толығымен жаңарту жұмыстарының 90 пайызы орындалған. Өндірістік кестеге сәйкес қараша айының соңында жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтау жоспарланып отыр. Құрылыс барысын қадағалаған қала әкімі Тұрғын үй, Суулет, Қала құрылысы және Жер қатынастары басқармаларының басшыларына үйдің сыртқы келбетін жөндеу барысындағы кемшіліктерді ретке келтіру бойынша тапсырмалар берді. Сондай-ақ балалар және спорт алаңшаларын салуға жер телімдерін қарастырып, ирригациялық жүйелерді орнатуды жүктелді.

Айта кетейік, үшінші мегаполисте жыл соңына дейін 136,7 мың шаршы метр болатын 1 816 пәтерлі 36 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Оның 30-кредиттік, алтауы арендалық тұрғын үй. Бүгінде 41,5 мың шаршы метр құрайтын 540 пәтерлі 10 тұрғын үй пайдалануға тапсырылған.

Жалпы, 2023 жылы Шымкент қалалық Құрылыс басқармасы тарапынан концепция аясында мемлекеттік бюджет есебінен 46,4 млрд теңгеге 330,4 мың шаршы метрді құрайтын 4 306 пәтерлі 100 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізу жоспарланған. Олардың 18-і – Тұран, 56-сы – Бозарық, 26-сы Ақжайық шағынауданында бой көтермек. Жоспарға сәйкес, 100 көпқабатты тұрғын үйдің 8-і арендалық болса, 92-сі кредиттік нысан.

Мамандардың айтуынша, мемлекет бюджеті есебінен құрылысы жүріп жатқан тұрғын үйлерден бөлек, жыл соңына дейін 1 405 пәтерді нарықтан сатып алу жоспарланған. Бұл пәтерлердің 900-і жұмыс істейтін жастарға, ал 505-і халықтың әлеуметтік осал тобындағы азаматтарға беріледі. Бүгінде жұмыс істейтін жастарға 450 пәтер, халықтың әлеуметтік осал тобындағы азаматтарға 363 пәтер сатып алынған.

Жоспарланған 100 тұрғын үйдің 36-сы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Қазір 10 көпқабатты тұрғын үйдің кілті табысталып, тұрғындар орналасып үлгерген.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

# АДАМЗАТТЫ ӨРКЕНИЕТКЕ ЖЕТКІЗГЕН – КІТАПХАНА



Ел Президентінің Астана қаласын дамыту жөніндегі биылғы тапсырмасына сәйкес, елордада 4 кітапхана ғимаратына жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Солардың бірі №3 балалар кітапханасы заман талабына сай қайта жаңғырып, жас оқырмандарына есігін қайта ашты.

Кеше «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Карина жаңарған кітапхананың жұмысымен танысты. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдибаева қонақтарға күрделі жөндеуден кейінгі балалар кітапханасының ғимаратында экскурсия жүргізді.

Жөндеуден кейін кітапхананың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, қала тұрғындары мен кітапхана оқырмандарына ыңғайлы болу үшін заманауи эргономикалық жиһаздар алынған. Сонымен қатар мұнда кіреберісті

жаңарту, сыртқы жарықтандыруды ауыстыру, лайт-бокс орнату сияқты ауқымды жұмыс атқарылды.

«Кітапханаға жоғары жылдамдықты интернет орнатылып, компьютерлік техника сатып алынды. Енгізілген өзгерістер елорда жұртшылығы арасында кітап оқуды насихаттауға көмектеседі және қазірдің өзінде тиімділігін көрсетуде. Келер жылы «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ тенгеріміне берілген тағы 4 ғимаратқа және қолданыстағы 4 кітапханаға жаңғырту жұмысын жүргіземіз. Ал 2025-2026 жылдары 10 кітапхананы жөндеу жоспарланып отыр», – деді Гүлбадан Мәдибаева.

№3 балалар кітапханасының кітап қоры мол, тұрақты оқырманы көп. Бұл кітап үйі жақсы іс-шаралардың өтуіне, тың бастамалардың жүзеге асуына бастамашы болып келеді.

Осы орайда «AMANAT» хатшысы Шолпан Карина мәдениетті дамыту

ұлттың рухани бірлігінің негізі екенін, сондықтан да партия оған ұдайы қолдау білдіретінін баса айтты.

«Дүниенің ілім-білімі, ақыл жауһары – кітап. Адамзат қоғамын биік өркениетке жеткізген де осы кітапхана. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойлағандай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жана ойлар мен тың пікірлердің мекені» деген болатын. Сіздердің де кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жолында жемісті жетістіктерге жететіңіздеріңізге сенемін. Осы жайлы кітапханаларда оқырман сарқылмас білім алып, өзін жан-жақты кемелдендіре алады. Заман талабына сай жанарған кітапхана құтты болғай!», – деген партия хатшысы кітапхананың жас оқырмандарымен де тілдесті. Бірі Бауыржан Момышұлының кітабын оқып, енді бірі Әлия Молдағұлова туралы реферат жазып, тағы бірі кинозалда кітап туралы ақпарат тамашалап отырған Астана қаласындағы №14 мектеп-гимназиясының оқушыларына Шолпан Карина жақсы тілегін жеткізді.

Сондай-ақ партия хатшысы кітапханаға балаларды тарту мақсатында мектептер арасында «Оқушылар кітапханаға ең көп келетін білім ошағы» деген саясы ұйымдастырылса деген ұсынысын ортаға салды.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясы мәдениетке, руханиятқа қашанда ерекше көңіл бөліп келеді. Оның ішінде, оқырмандарды кітап әлеміне қайта тарту үшін көптеген жүйелі жұмыс атқарылып жатыр. Оның бір ғана дәлелі ретінде осы күзден бастап партия қолға алған «Кітап-AMANAT» жобасын айтуға болады. Жоба аясында әр өңірде кітап орталықтары ашылып жатыр. Партия әлем елдерінің осы саладағы озық тәжірибесін үлгі ете отырып, отандық әдебиетті дамытуға күш салмақ.

«AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауды бағдарламасында жыл сайын театр, кітапхана, коммуникация, білім беру және демалыс орталықтарын қоса алғанда, 300-ге жуық мәдениет нысанын салу және жаңғырту жоспарланған. Мұныңмен қоса, мәдениет, мұрағат пен кітапхана қызметкерлерінің жақысы екі есеге арттыру көзделіп отыр.

Дайындаған Бердібек КАБАЙ



Біз әділетті Қазақстанды жаңа заң, жаңа қоғаммен құрамыз. Алғашқы қадамның саяси реформалардан басталуының басты себебі – еліміздің ішкі-сыртқы саяси тұрақтылығын сақтау. Ол жоқ жерде ел болып қалу мүмкін емес.

**Қайрат БАЛАБИЕВ,**  
Мәжіліс депутаты, «AMANAT»  
партиясы фракциясының мүшесі:

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – БИЗНЕС

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы сайлауда халыққа кенәуімды «Әділетті Қазақстан: біріміз және әрқайсымыз үшін» деп аталатын сайлауалды бағдарламасын ұсынған болатын.

Бүгінде осы бағдарламада айтылған Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге талдау жүргізу және жетілдіру барысы қарқынды жүргізілуде. Десе де, барлығын бірден реформалау мүмкін емес, өзгерістер уақытты талап етеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы мен дәстүрлі Жолдаулары жалпы жаңару мен жаңғыру, жүйелі реформалар, біртұтас ұлт, берекелі қоғам, әділетті мемлекет құруға негізделген. Мұның бәрі де кезек-кезеңімен, кезек-кезегімен іске асып келеді. Оның бір дәлелі – сот және құқықтық жүйенің онтайландырылып жатқаны.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Ондағы мақсат – азаматтардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бизнестің жүргізілуіне бюрократиялық кедергісіз жол ашу. Сондай-ақ лауазым иелерінің өз өкілеттіктерін теріс пайдалануға жол бермеу, қылмыс жасағаны үшін санкцияларды қайта қарау, сот төрелігін реттеу сияқты өзге де өте маңызды мәселелерді шешу. Осыған байланысты құрылған жұмыс тобы былтырғы жылдан бері жоғарыда аталған кодекстерге талдау жүргізіп, жұмыс

дар, сол себепті ескі жүйені жаңартып, әділетті мемлекет құрмақшы. Сыбайлас жемқорлық бабымен сотталғандарға шартты жаза кесіліп, жазасын еркіндікте өтеуге мүмкіндік берілмейді.

Енді қарызды өндіріп алу үшін өз өкілеттігін асыра пайдаланып заңсыздықтарға барған коллекторлар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Себебі олардың қысымына шыдамай өз-өзіне қол салу жиілеп кетті. Кісіні қорқыту, қорқыту, өлімге итермелеу – қылмыс. Құқық бұзған коллекторларға да 5 жылға дейін қызметінен айыра отырып, 5 000 АЕК айыппұл салу, не 1 200 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 5 жылға бас бостандығынан айыру көзделген.

Жұртшылықтың құқықтық сауатсыздығын пайдаланатын алаяқтар да бар. Президент пәрменімен «AMANAT» партиясы дәрменсіз адамдарды қаржылық және құқықтық сауаттандыру ісімен айналысып келеді. Қазір алаяқтар мен пайдакүнемдерге алданып қалып жатқандар көп. Әсіресе, жер алу, үй сату, құжаттарды рәсімдеу, біреудің мүлкін иемдену сияқты заңсыздықтар болып жатыр. Әлбетте, құжат рәсімдеу, мүлікті бағалау бағалаушылар мен нотариустардың қатынасуынсыз іске аспайды. Сондай-ақ жеке сот орындаушыларына деген арыз-шағым толалар емес. Жетімдердің алимент ақысын егеленіп алғандарға не дерсіз? Алдағы уақытта өз өкілеттіктерін теріс пайдаланып, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарын бұзған нотариустар, жеке сот орындау-

шылық қылмыс жасағандарға жауапкершілік артады. Адамзатқа қауіп төндіргені үшін Қазақстан Республикасының азаматтығынан немесе 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Ал денсаулыққа келтірген зиянның дәрежесіне қарай 3 жылдан 8 жылға дейін жазаланады. Бұл тұрғындар қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға арналған шаралар.

Сол сияқты мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау, сатып алу, сақтау, өткізу, сапасы анықталмаған мұнайды өңдеу, клиникалық зерттеулер жүргізу, жаңа әдістер мен құралдарды қолдану тәртібін бұзу, жалған дәрілік заттармен немесе медициналық бұйымдармен жұмыс істеу, экологиялық талаптарды бұзу, ауаны ластау, жерді бұлдіру, жер қойнауын пайдалану қағидаларын бұзу бойынша да бірқатар бапқа өзгертулер енгізіледі.

Кеденде кедергілер де, келендік рәсімдер де жетерлік. Кедендік рәсімдерді «бір терезе» қағидатына көшіру, кедендік бақылауды интеграциялау тапсырылған. Президент кедендік тексерушілердің көптігі салаға кері әсер еткенін, салық саясатының тиімді болуы кеден жұмысының ашықтығына байланысты екенін атап өткен еді. Салық пен кедендік рәсімдеу жүйесін реттеу де сайлауалды бағдарламаның бір тармағы болатын.

толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беріміз қажет. Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге жол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс», – деп бизнестің еш кедергісіз дамуы үшін заң жүзінде жеңілдіктер жасауды тапсырды.

Әлемнің алпауыт мемлекеттерінде бірінші кезекте бизнеске қолайлы жағдай жасайды. Экономиканың қозғаушы күші – бизнес. Қазір Бизнесті жүргізу мәселелері туралы заң жобасы Мәжіліс қарауында жатыр.

Мемлекет басшысының бас тасамасымен қолға алынған заң жобасы еліміз үшін маңызды әрі тиімді екені ақиқат. Бұл заңды мыңдаған бизнес өкілі тағатыздана күтіп жүр. Бизнесті жүргізуде мейлінше бюрократиялық міндеттемелерді азайту, мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы қарым-қатынасты реттеу, адами фактордың араласуын азайтып, бизнесті ашықтыққа көшіру сияқты өзге де мәселелер қарастырылған. Заң жобасын онтайландыру барысында 86 заңнамалық актілер, оның ішінде 11 кодекс қамтылды. Бұл 28 мемлекеттік орган, оның ішінде көптеген комитетке қатысты жұмыстар. Мәжілістің 6 комитетінен 11 депутаттан құралған жұмысшы топ заңның дрысталуына күш салып келеді. Заң жобасы бүге-шігесіне шейін жұмысшы топтың талқылауынан өтіп, 1 500-дей түзету мен өзгеріс енгізілді. Нәтижесінде, пленарлық отырыста заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Әлі алда екінші оқылым бар. Түсініспеушілік туындаған жағдайда әр саланың мамандарымен келісініп, арнайы жиналыстар өткізілуде. Заң жобасының бизнес жүргізуге ыңғайлы болуына барлық салалық мемлекеттік органның арнайы қызметкерлері, кәсіподақтар, ассоциациялар, «Атамекен» палатасынан құралған мамандар да атсалысып жатыр.

Президент Парламентке сенім артады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда «AMANAT» партиясының атқарып жатқан рөлі зор. Ел мен мүдде бір болғандықтан, мемлекеттің дамуына қазақстандықтардың жаппай атсалысуы азаматтық борыш деп есептеймін. Президент айтқандай, адальдық пен әділдікке көшсек, жаңа Қазақстан сөзсіз құрылады. Ол елге көзсіз қызмет етіп, еңбегін аямайтын азаматтар көптеп керек. Қасым-Жомарт Кемелұлының әрбір бастамасы мен тапсырмалары бас пайдасы үшін емес, ел мен жердің қамы үшін екенін түсінсек игі. «Сабақты ине сәтім» дегендей, орында бардын оналатын күніне де жетеміз. Ең бастысы, айналандығы геосаяси жағдайлардан сабақ алып, тыныштық пен ауызбіршілік сақтау міндет болып тұр. Өзгерістер мүдде жоқ емес, бар екенін мойындау қажет.

Осыған орай Қылмыстық кодекстің баптарында жауапкершілікті арттыру қарастырылған. Яғни, кодексте сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, экономикалық контрабанда, кедендік алым-салымдарды төлеуден, бюджет пен басқа да міндетті төлемдерден жалтару бойынша бірнеше еселенген айыппұл көлемін көбейту көзделіп отыр. Мұндай еселенген айыппұлды толету тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға қатысты қолданылып, қалған адамдарға қолданылмайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді



істемейтін нормаларды, коллизияларды талдауға кірісті.

Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді жетілдіру өкілетсіздіктерді жоюға сеп болып, қылмыстық іс пен әкімшілік құқықбұзушылықтардың, қылмыстық қудалау мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аражігін ажырату, сотқа дейін тергеп-тексеру түрлерін қысқартуға әділеттілік қалыптастырады. Бұл бойынша алдағы 3 жылда терен ғылыми-практикалық талдау жүргізіледі. Мысалы, бір тауық ұрлаған да, бір үйді тонаған да қылмыс болғанымен, тауық ұрлаған 7 жылға, үй тонаған 3 жылға сотталуы әділетсіздік. Қылмыс дәрежесіне қарай жаза тағайындауға қатысты халықтың талабы орындалмақ. Президент әлеуметтің талап-тілегі, мұң-мұқтажынан хабар-

шыларының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 5 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 4 000 АЕК көлемінде айыппұл салынып, не сол мөлшерде 1 000 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылады немесе 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Мемлекет басшысы еліміздің басты құндылығы – адам деп бағалап, қоғамның орнықты дамуын ұлт саулығымен байланыстырады. Әлемді алаңдатқан су мәселесіне Президент те бейжай қарамай, суды үнемдеуге және бұлдірмеуге үндейді. Өкінішке қарай, ағын су тұрмақ, жерасты суларын ластайтындар да азаймай тұр. Жалпы табиғи байлыққа тыныштық бермейтін жер қойнауын заңсыз әрі аяусыз пайдаланатындар көбейіп барады. Білгенге бұл экологиялық

## АУДИТ АҢҚИТЫП КЕТТІ...

Орал қаласының іргесінде Серебряков деген аядай ғана кент бар. Сондағы мектептен қазір тыныштық кетіп тұр. Аядай ауылдың білім ошағы туралы ақпарат қазір бүкіл республикаға жайылды. Мектеп мұғалімдері бюджетке 57 млн қарыз болып шыққан. Бұл қалай болды? Біз мектеп мұғалімдерімен сөйлесіп, мән-жайды ұғынып көрдік.



Серебряков мектебінің ұжымы үшін өткен оқу жылы сәтті аяқталмады. Мектепте жүргізілген аудит қорытындысын қолына алған мұғалімдер есеңгіреп қалғанын айтады. Мектеп ұжымы үшін 2021-2022 жылғы оқу жылына жүргізілген аудиттік тексеріс ауырлау тиген. Ауыр болмағанда қайтсын, мектеп ұжымының мойнына 57 млн теңге қарыз іліп кеткен. Мектептегі мұғалімдер, кіші қызметкерлер, күзетшілер – бәрі енді осы қарызды Үкіметке кері қайтаруы керек. Бір ғана жалақыға өмір сүріп отырған мектеп ұжымы үшін бұл қарызды қайтару оңайға соқпайтынын айтады.

– Соңғы аудиттік тексерістің шешімі бойынша бюджетке 1 млн 300 мың теңге қарыз қайтаруы керек. Мен мұнымен келіспеймін. Төлемеймін. Бізде 76 адамға осындай қарыз бар деп шығарып берді. Қазір жұмыс болып ақылдасып жатырмыз. Тәуелсіз аудит шақырдық. Енді соның қорытындысын күтеміз, – дейді мұғалім Анаргүл Кисметова.

Ал Ғалия Жаңабаева осы Серебряков мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. 38 жылдық еңбек өтілі бар ұстаз үшін мемлекеттің алдында қарыз болу үш ұйықтаса түсіне кірмепті. «Ақшамызды ай сайын алып отырдық, артық төлем болса көрінер еді ғой», – деп қапаланады тәжірибелі мұғалім.

– 2023 жылдың мамыр айында аудиттің шешімі деп «2 млн 800 мың теңге қарызсыз» деп шығарып берді. Әрине, төлемнен жай түскендей болды. Оны қалай төлеймін?! Жорт балам бар, несием бар. Бір жылқыға өмір сүріп отырмын. Өз басым ай сайын жалақымызды алып жүрдім, артық ақша төленгенін байқаған жоқпын. Біз ай сайын жалақымыздың түбіртегін есепшіден сұрайтынбыз, бірақ ол тек қолмен жазып беріп жүрді, электронды түбіртек алған емеспін, – дейді Ғалия Жаңабаева.

Бізбен сөйлескен мұғалімдер күнде тергеушінің табалдырығын тозырып жүргенін айтты. «Альфавит бойынша тергеуге шақырып жатыр. Күнде барамыз» дейді бізбен сөйлескен мұғалімдер.

– Қазір біздің жағдайымыз нашар. Өте қиын десек те болады. Жұмысқа келгенде кәдімгідей ұрысқа шығатындай әзірленіп келеміз. Жазғы демалысымыз да дұрыс өтпейді, – деп Арайлым Макпозова ұжымының көңіл күйін айтып берді.

Бұл мәселені БКО Білім басқармасы да біліп отыр.

– Олар өндіруге міндетті. Заңға сәйкес, олар төлейді. Бұл ақша бюджетке қайтарылатын ақша, себебі оларға өткізілмеген сағаттар үшін ақша төленген, – деп жауап берді Білім басқармасы басшысының орынбасары Клара Мендіғалиева.

Серебряков мектебінің мұғалімдері ешқандай артық төлем көрмедік дегеннен танбай отыр. Ең сорақысы, олар өз атынан бірнеше шоттың ашылғанын көрген.

«Мұғалімдердің атынан қосалқы шотты кім ашуы мүмкін? Бұрынғы бас есепші осындай қаламға баруы мүмкін бе?» деген сұрағымызға Білім басқармасы басшысының орынбасары былай деді: «Банк болсын, есепші болсын, біреудің атынан қосымша шот ашпайды. Шотты адам тек өзі қол қойып ашады. Мектеп директоры, есепшісі мұғалімдер атынан шот ашуы мүмкін емес».

Серебряков мектебінде қазір жаңа басшы. Бұрынғы басшы да, бас есепші де қазір жұмыста жоқ. Сол атышулы тексерістен кейін жұмыстан кетіпті. Ал жаңа басшы болса ештенені білмейтінін айтып құтылды.

Аудиттік тексеріс Серебряков мектебінде 2021-2022 жылғы оқу жылы үшін жүргізілген. Осы тексерістің қорытындысы бойынша 76 адамға заңсыз ақша аударылғаны айтылған.

Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға тергеушісі Серебряков мектебіндегі мұғалімдерге қатысты ешқандай қылмыстық іс қозғалмағанын жеткізді.

– Серебряков жалпы білім беретін мектебінің лауазымды тұлғалары мен оқытушыларына қатысты біздің өндірісімізде ешқандай қылмыстық іс жоқ. Бірақ осы мектептің бас есепшісіне қатысты қылмыстық іс тергеліп, қыркүйек айында сотқа жіберілді. Мектептің бас есепшісі 3 млн теңгеден астам қаржыны жымқырғаны үшін тергеу жүргізілді. Қазір сот процесі жүріп жатыр, – деді БКО бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға тергеушісі Бағдат Жұмағазиев.

Енді осы 57 млн қаржыға қатысты іс азаматтық-құқықтық тәртіпте БКО Білім басқармасына жолданыпты. Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға тергеушісі Бағдат Жұмағазиевтің айтуынша, енді 57 млн қаржыға қатысты мәселені Білім басқармасы мен мұғалімдер өздері шешеді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы



Түркістан – инвестициялардың өсу қарқыны бойынша Қазақстанның жетекші өңірлерінің бірі. Облыс құрылған сәттен бастап 5 жылда, өңірге 6,3 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылды. Оның ішінде Түркі мемлекеттері ұйымы құрамындағы елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастар тез нығайып келеді.

Кәмила ЕРКІН

Айта кету керек, Түркістан облысының Түркі мемлекеттері ұйымы елдері арасындағы тауар айналымы 2022 жылы 400 млн АҚШ долларын құрады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен Түркістанда бауырлас елдер арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін TURAN арнайы экономикалық аймағы құрылған еді. Бұл алаң бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Жақында Түркістанда өткен ТІҒ'23 – «Түркістан: Туризм, Инвестиция, Экономика» халықаралық форумы аясында да 1 трлн 55 млрд теңгенің меморандумына қол қойылған болатын. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің бизнес өкілдері қатысқан жиында облыс әкімі Дархан Сатыбалды бауырлас елдер арасындағы экономикалық байланыстар нығая түскенін мәлімдеді.



# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТҚАН ТҮРКІСТАН



– Осыдан 3 апта бұрын елордамыз Астанада Түркі мемлекеттері ұйымының оншы саммиті өтті. Оған Түркі мемлекеттерінің басшылары қатысып, бауырлас елдер арасындағы татулықты нығайту, өзара қарым-қатынасты арттыруға қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған форум саммитте көтерілген

бастамаларды одан әрі жетілдіруге үлкен серпін береді деп сенемін, – деген Дархан Сатыбалды Түркістан облысында Түркия, Өзбекстан және өзге де мемлекеттермен бірге маңызды жобалар жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

Бизнес форумда Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев бұл жиыны ұйымға мүше мем-

лекеттер арасындағы экономикалық және инвестициялық байланыстарды нығайтуға серпін беретінін алға тартты. Сонымен бірге жиында Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан мемлекеттері мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері, лауазымды тұлғалары, спикерлері экономиканы дамыту жөніндегі ұсыныстарын айтты.

Форум алдында Түркістан өңірін танытатын көркемсурет галереясы мен презентациялар, халықаралық бизнес пен инвестициялық жобалар жәрмеңкесі ел назарына ұсынылды. Іс-шарада ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, экспорт, логистика және ІТ-білім сияқты негізгі салалар бойынша талқы өтті.

Халықаралық форум аясында Түркістан облысында ауқымды жиынға қатысып жатқан Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Қытай, Ресей елінің беделді компанияларымен бірнеше бағытта 20-ға жуық меморандумға қол қойылды. Атап

айтқанда, Сауран ауданында тоназытқыш қондырғылар өндірісін кеңейту, Созақ ауданында фосфатты тау жыныстары кендерін өңдеу зауытының құрылысы, «Шардара» экспорттық агроөнеркәсіптік кластарын құру, Мактаарал ауданында тоқыма кластарын құру және Келес ауданында индустриалды парк құрылысы бойынша Сайрам ауданында қуаттылығы 1000 МВт болатын икемді генерациялау режимі бар аралас циклді газ стансасының негізінде электр стансасын салу бойынша, түсті рудаларды және металлургия өндірісінің өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу бойынша Кентау байыту комбинатын іске қосу, Жетісай ауданында тоқыма фабрикасын құру, Бәйдібек ауданында тауық жұмыртқасын өндіретін құс фабрикасын құру, дымқыл майлықтар мен балалар жөргектерін шығару бағытында қолданыстағы желіні кеңейту бойынша, металл конструкцияларын шығаратын зауыт құрылысы бойынша және тағы

басқа бағытта ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, келісімдер жасалды.

Маңызды жиында инвесторлар перспективасы инвестициялық жобалармен және оларды өңірде іске асыру жағдайларымен танысты. Жобаларды бірлесіп дамыту үшін бизнес-қоғамдастық, жергілікті билік және инвесторлар арасында стратегиялық серіктестіктер орнатылды. Мұндағы басты мақсат – экономикалық өсуді ынталандыру, инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, технологиялық жанару және жергілікті бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өңірге шетелдік инвестицияларды тартуға жәрдемдесу.

Аймақта инвестициялық әлеуетін толыққанды жүзеге асыру мақсатында ауқымды жобаларды іске асырылып, алыс-жақын шетелдік инвесторлармен тығыз байланыс орнатылып келеді. Мәселен, бұған дейін Түркістан облысы Ордабасы ауданына Қытай Халық Республикасынан арнайы іссапармен келген делегация бірқатар өндіріс орынын аралап, инвестиция салуға ниетті салалардың жұмысымен танысқан еді. ҚХР Шандон провинциясының Линцин қаласы, Шыңжаң өлкесінің Үрімжі қаласындағы ірі кәсіпорын басшылары инвестициялық жобалар туралы талқылады. Нәтижесінде, ордабасылық «Компания Науар» ЖШС мен қытайлық Baoji Haoyu Hitech Machine Engineering Co.Ltd корпорациясы қыш зауытына қажетті жаңа технологиялы қондырғы жабдықтар сатып алу үшін өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойған.

Сонымен қатар аймақта экономиканың дамуына серпін беретін ұзындығы 152 километр болатын жаңа теміржол желісінің құрылысы қарқын алды. Ірі инфрақұрылымдық жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша іске асып жатыр және республиканың көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған. Оның аясында казак-өзбек мемлекеттік шекарасы арқылы жаңа өткізу бекеті ашылды.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов ірі мегажобаның маңыздылығына тоқтала келе, өткен жылы теміржол арқылы ел тарихындағы ең жоғары, яғни 245 млрд тонна-километрді құрайтын жүк көлемі тасымалданғанын атап өтті.

Бұдан бөлек, ирандық Solico Group компаниясының өкілдері де Түркістан облысында сүт өнімдерін өндіретін зауыт салуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге ниет білдірген. Инвестордың жобасымен танысқан облыс әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы өңірде инвестициялық жобаларға жасалған мүмкіндікте тоқталды. Кездесу нәтижесінде, екі тарап ауыл шаруашылығы саласында өзара ынтымақтастық құруға уағдаласты.

**Елімізде қаржылық сауаттылық қай деңгейде? Жалпы, халқымыздың қаржы ұстау, оны жұмсау мәдениеті қалыптасқан ба? Әлде, өлі күнге дейін алаяқтарға жем болу деңгейі жоғары ма?**

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі елдегі қаржылық сауаттылық деңгейі әзірге 40 пайыз көлемінде екенін көрсеткен. Агенттіктің болжамына, 2024 жылы бұл көрсеткіш 41%-ға дейін көтерілмек. Сарапшылар әр адам өз бюджетін жоспарлау аса маңызды деп санайды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаражатты басқару деңгейі жоғары деген бірқатар өңірді атаған. Олардың қатарында Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облысымен бірге Түркістан облысы да бар. Ал қалған өңірлер деңгейі орташа саналыпты.

Алайда соған қарамастан онтүстік өңірде әлі де қаржылық алаяқтарға жем болу дерегі азаймай тұр. Құқық қорғаушылар тұрғындарға алаяқтардан барынша сақ болуды және кез келген ұсынысты қабылдамас бұрын оның мән-жайын толық тексеріп алуды ескертудей ескертіп-ақ келеді. Мәселен, Түркістан облысы аумағында халық көп жиналатын орындарда әкімшілікте және оқу орындарында қаржылық сауаттылықты арттыру және интернет алаяқтықтан сақтану мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баннер, лэд экрандар және жабыстырмалы парақшалар таратылып, тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын байқаймыз.

Өкінішке қарай, соған қарамастан сала мамандары Түркістан облысында биылғы жылдың 9 айында 360 интернет алаяқтық қылмыс тіркеліп, 139 қылмыстық іс сотқа жолданғанын айтады. Зерделеу барысында тіркелген қылмыстық істердің ішінде 118 онлайн, 112 интернеттен алдын ала төлем жасап тауар алу түрлері тіркелген. Яғни, тіркелген алаяқтық әрекеттердің барлығы дерлік

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

АЛАЯҚҚА АЛДАНЫП ЖҮРГЕН ЖОҚСЫЗ БА?



қара халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі салдарынан орын алған қылмыстар.

Алаяқтардан сақ болу тұрғысында тиісті сала органдары «Интернет алаяқтардан сақтану үшін Полиция департаменті ескерді» тақырыптарында 98 мәлімет 30-дан астам әлеуметтік желілерде жарияланып 8 бейнеролик мессенджерлер арқылы таратқан.

Қаржылық алаяқтардың айла-тәсілдеріне егде жастағы адамдар ғана емес, сонымен қатар жоғары білімі бар және IQ деңгейі жоғары азаматтар да түсіп қалып жатады екен. Сондықтан поли-

цейлер мұндай әрекетке баратындардың әккі екенін, алаяқтық әрекетті қалай жасау керектігін жақсы меңгерген психолог болатынын айтады. «Көбінесе сүйкімді болып келеді, адамға тез ұнап қалатынымен немесе олардың аяушылығын тудыра білетіндігімен азаматтардың сеніміне оңай енеді», – дейді олар. Олардың тілі шұрайлы, қай уақытта қандай сөз айту керектігін, қандай интонациямен сөйлесу қажеттігін және қандай хабарлама жасауға болатынын да жақсы біледі. Айталық, сізге белгілі бір адам қонырау шалып, атыңыздан кредит ресімделгенін хабарлайды. Әрине, мұн-

дай кезде бойынңызды қорқыныш билеп, өзіңізді жоғалтып та қоюыңыз әбден мүмкін ғой. Міне, осы кезде «камкор» алаяқ сізге өзінің көмектесе алатынын айтып, дербес деректеріңізді сұрайды. Соларды берсеңіз қалғанын банктің өзі реттейтінін мәлімдейді. Сізден жылдам және дәл қазір шешім қабылдауды талап етеді. Әйтпесе, сіз өз мүмкіндігіңізді жіберіп алатыныңызды да ескертеді.

Мұндай алаяқтардың құрығына көбіне зейнеткерлер түсіп қалады екен. Өйткені зейнет жасындағылар мемлекеттік органдар мен полицияға көбірек сенім артады. Сондықтан егер оларға өзін осындай орган қызметкері болып таныстырған адам жүгінсе, олар оған көміл сенеді. Егер де сіз осындай жағдайға тап болып, күмәндана бастасаның, дереу полицияға хабарлауыңыз керек. Есіңізде болсын, банк қызметкерлері сіздің деректеріңізді телефон ақылы сұрамайды. Алаяқтар интернет пен IT-технологиялардың дамуымен әккі-шебер бола бастағанын да ұмытпауымыз керек.

Тәртіп сақшыларының мәлімдеуінше, алаяқтар тұрғындарға ұялы телефонына қонырау шалып, өздерін банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының қызметкерлеріміз деп көрсетеді. Қонырау шалатын алаяқтар қазақстандық қаржы институттарының абоненттік нөмірлерінің көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін SIP телефония сияқты бағдарламалық құралды пайдаланады екен. Өңгімелесу кезінде олар сіздің картаныңдан ақшаны шығару әрекеті туралы хабарлайды және сізден жеке кабинетіңіздегі құпия сөзді өзгертуді, жаңа пароль мен SMS кодын ұсынуды сұрайды. Алаяқтар, тіпті мәселені жылдам шешу гаджетіңізге қашықтан қосылу үшін өз қызметтерін ұсына алады. Мұны істеу үшін олар AnyDesk және TeamViewer қолданбаларын жүктеп алуды сұрайды. Есептік жазбаларыңызға қол жеткізген

алаяқтар барлық ақшаны алып, тіпті сіздің атыңыздан несие ала алады.

Сондықтан егер сізге банк қызметкерлері қонырау шалса, сөйлесуді дереу аяқтаның. Есіңізде болсын, нақты банк қызметкері сіздің жеке деректеріңізді нақтылау үшін сізге ешқашан қонырау шалмайды. Банкте сіздің толық қаржылық файлыңыз бар. Бұл ақпарат тек алаяқтар үшін маңызды екенін ұмытпаңыз.

Шабуыл жасаушылар қарапайым адамдардың психологиясын жақсы меңгерген. Олар тез және сенімді сөйлейді. Кәсіби терминдерді қолданады. Сізді шешім қабылдауға асықтырады. Қажет жерінде қорқытады. Сондықтан барынша сақ болу керек-ақ.

Өңір полициялары Түркістан облысы бойынша, Дін басқармасымен бірлесіп отырып, әр аптаның жұма күндері мешіт және медреселерде, ал Мәдениет және туризм басқармасымен бірлесіп отырып әрбір мәдени іс-шаралардың барысында «Интернет-алаяқтарынан сақ болыңыздар» тақырыбында ескертпе жұмыстарын жүргізіп келеді. Жоғарыда келтірілген нақты статистикалық деректердің өзі өңір полициялары алаяқтық қылмыспен күрес жұмыстарын барынша күшейткенін көрсетеді.

Түркістан қалалық Полиция басқармасының тәртіп сақшылары «Мемлекет тарапынан қайтарымсыз негізде берілетін грантты алып береміз» деп алаяқтық әрекетін жасаған әйелді анықтаған. Аталған жайт ҚР ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігі (Алаяқтық) бойынша тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүруде. Бүгінде тұрғындар арасында дәл осындай жандардың құрығына түсіп қалу дерегі жиі кездеседі.

Назгул НАЗАРБЕК,  
Түркістан облысы



# ХАКАТОН ХИКАЯСЫ: ЕЛОРДАДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЖАРЫС



Бас қаладағы Астана халықаралық мектебінде 7-12 сынып оқушылары арасында ISA Hackathon арты ерекше жарыс өтті. Дода шарты бойынша «мектеп – оқушы – ата-ана» үштік одағы бірлесе жұмыс істеуі қажет. Білім ордасында алғаш рет өткен бұл жарыстың басты ерекшелігі – оқушылар 24 сағат бойы өз командаластарымен бірге тоқтаусыз бағдарлама жасаған.

Хакатон дегеніміз не? Бұл – қысқа уақыт ішінде өнімнің прототипін әзірлеуі керек жарыс. Мұндай жарыста талантты бағдарламашылар, компьютерлік дизайнерлердің технологияларын жақсы меңгерген жастар болашақтың экономикасы үшін маңызды білім мен дағдыларды үйренуге мүмкіндік алады. Астана халықаралық мектебінің 10 жылдығына орай оқушылар арасында осындай ерекше сайыс өтті. Сайысқа 4 оқушыдан тұратын 8 команда қатысты. Олар web-бағдарлама, сайт немесе интерактивті ойындардың шешімін 1 тәуліктің ішінде айтып, өздерінің жауабын ұсынды. Ойы озық, білімі жүйрік жас буынның арасында өткен хакатон жарысының мақсаты – жаңалық ашуға құмар зияткерлердің талабын шыңдау, оқушылардың шығармашылық ойлауын және жобалық топтық жұмыс тәжірибесін дамыту. Қатысушыларға барлық мүмкіндік жасалған, кез келген уақытта сүйіп, тамақтануға рұқсат. Ең бастысы, берілген уақыт ішінде жобаларын дайындап, әділ қазыларға таныстырулары керек. Хакатон 3 сериядан: оқушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдау, Jusan қосымшасында инклюзивті өзара әрекеттесу ортасын дамытуға арналған концептуалды шешімін және Arduino арқылы автоматтандырылған түгендеу ортасын анықтаудан тұрды.

Жарыстың ашылу салтанатында мектеп директоры Айдар Булатов: «Біз мектепте осындай іс-шараны алғаш рет өткізіп отырмыз. Жобаны қолға алған кезде «бұл керек пе, керек емес пе?» деп көп ойландық. Мектепте болып, бір күн ұйықтамай, оған қоса қандай да бір өнім ойлап табу – ол оңай шаруа емес. Десе де, уақыт өзгеріп жатыр, қазіргі балалар өз жастарына өте ақылды, тез жетіліп жатыр, сондықтан осындай балалардың еңбегіне сенеміз», — деді.

Виртуалды жасанды интеллект жарысында Astana Hub жобалық кеңсе дирек-

паз команда анықталды. Жоғары лига оқушыларының арасында «Сабыр» командасы жеңіске жетті. Команда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жасанды интеллект негізінде виртуалды ассистент әзірледі.

— Мектебімізде алғаш рет ұйымдастырылып отырған хакатонның қатысушысы болғанымға қуаныштымын. Командамыздағы 2 оқушы бағдарламашы болса, қалған 2-уі — спикер. Әрқайсымыз кейсті шешу жолдарына байланысты түрлі идеялар айттық. Кейін ойымызды саралай келе бір тұжырымға келіп, аутизм синдромы бар балаларға арнайы назар аударатын бағдарламалар құруды шештік. Тіркеуден кейін бірден Jusan Junior қосымшасындағыдай, біз балалар мен олардың ата-аналарына



“  
Жобаны қолға алған кезде «бұл керек пе, керек емес пе?» деп көп ойландық. Мектепте болып, бір күн ұйықтамай, оған қоса қандай да бір өнім ойлап табу — ол оңай шаруа емес. Десе де, уақыт өзгеріп жатыр, қазіргі балалар өз жастарына өте ақылды, тез жетіліп жатыр,

торы Шокан Әбілкасымов, Jusan Bank өңірлік директоры Ахат Мұхаметқанұлы, Software Engineer kpmg.kz бағдарламалық камтамасыз ету инженері Нұрғатай Әділет қазылық өтті.

Жарыс қатысушыларына IT саласының мамандары өз кеңестерін айтып, тәжірибелерімен бөлісті. Солардың бірі — Astana Hub.

— Astana Hub халықаралық стартаптар технопаркінің негізгі мақсаты — IT саласын дамыту, IT стартаптарға қолдау көрсету, IT экокүйені дамыту. Қазір Astana Hub жас мамандарға қолдау көрсетіп жатыр. Себебі сендер — еліміздің IT саласының болашағысыздар. Сондықтан технопарк білім беру бағдарламаларына көп көңіл бөліп келеді. Осындай іс-шаралар өткізіліп жатқанына қуаныштымыз, — деді Astana Hub кеңесінің жобалық директоры Шокан Әбілкасымов.

Жарыс нәтижесі бойынша 7-9 сынып және 10-12 сынып аралығындағы 2 жөнім-

балалардың қандай жағдайда жақсы жұмыс істейтінін анықтау үшін тестілеуді қостық. Тестілеу барысында баланың орта есеппен бір сұраққа жауап беру үшін қанша уақытты қажет ететінін анықтадық. Сондай-ақ баланың назарын бақылау үшін көзді бақылау функциясын орнаттық. Жаттығу кезінде баланың назары ауып кетсе, алдын ала есептелген уақыттан кейін бағдарлама баланың назарын қайтару үшін анимация немесе музыка қосылды. Сондай-ақ біз GPT чатына қосылған ботты қолданбалының өзін қосып, осылайша сізге ыңғайлы уақытта қаржылық сауаттылыққа қатысты кез келген сұрақ қойып, оның жауабын білуге болады, — деді команда мүшесі Назда Смела.

Ал кіші лига оқушыларының арасында Always Cold pillow тобы озық шықты. Топ мүшелері оқушының эмоцияларын талдауға камера және мұғалімге арналған микропроцессорлармен жабдықталған технологиялық төсбеліні ұсынды. Ұсынылған жобаның артықшылығы — ата-аналар қашықтықтан баланың эмоционалды жағдайы туралы хабардар бола алады, ықтимал проблемаларды ертерек анықтап, деректерді қауіпсіз сақтауға мүмкіндік көп. Бәсекелес Face motion detection қосымшасы фотосурет арқылы адамның эмоциясын анықтап, оны пайызбен есептеп береді.

Үздік атанған жас стартапкерлер келесі жылы наурызда Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында өтетін сайысқа қатысады. Ел болашағы — жастардың қолында. Ғылымға енді қадам басып келе жатқан бүгінгі жас өнертапқыштардың беталысы — елімізді әлемнің IT кеңістігінде стандартқа сай жобалар жасауға лайықты екенін дәлелдей түседі.



## ПАРИЖДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ КЕШ

Қазақстанның Франциядағы елшілігінде қазақ диаспорасының өкілдері, INALCO институтының студенттері мен қазақ тілін үйреніп жатқан «Қорқыт» мәдени орталығының мүшелерінің қатысуымен «Күзгі кездесу» атты поэтикалық кеші өтті.

«Франциядағы қазақстандық күз» мәдени маусымы аясында өткен іс-шара барысында халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Танакөз Толқынқызы, Жазушылар одағының мүшелері Жанаргүл Қадырова мен Айзада Рахымжанованың өлеңдері оқылды.

Поэтикалық кеш аясында Қазақстанның Франциядағы елшілігінің және Қазақстан Жазушылар одағының қолдауымен 2020 жылы Францияда түсірілген «Кішкентай ханзада» атты деректі фильмнің көрсетілімі өтті. Режиссер Қарлыға Хасеннің бұл жобасы Оңтүстік

Колумбия, Түркия, Таиланд және Даккадағы халықаралық кинофестивальдердің үздік фильмдерінің бастапқы тізіміне енді.

Париждегі поэзия кешіне қатысқан қазақстандық ақындар, өнер адамдары мен ақындар туралы «Эйфель — махаббат мұнарасы» атты жаңа деректі фильм түсіруге ниетті. Ақындармен кездесу интерактивті ойындармен және белсенді көрермендерге кітаптар, ұлттық көлесейлер мен тәттілер түріндегі сыйлықтар берумен аяқталды.

## «САРБАЗ САХНАСЫНДА» КІМ ЖЕҢІМПАЗ?

Астанада Қарулы күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Орталық ансамблі ұйымдастырған «Сарбаз сахнасы» шығармашылық ұжымдары бүкілармиялық фестивалінің Гран-при иегері мен лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті.

Байқауға 60-тан астам өтінім түсіп, оның 45-і іріктелді. Қатысушылардың шеберлігі жеке орындау, аспаптық, үрмелі және фольклорлық ансамбльдердің, жеке және топтық би өнері, сондай-ақ фотосуреттер, картиналар, панельдер және халықтық колөнер жұмыстары бойынша бағаланды.

«Сарбаз сахнасы» бүкілармиялық фестивалінің бас жүлдесін «Шығыс» өңірлік колбасшылығы бар «Алаш» квартеті жеңіп алды. Сыйлықты оларға Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев табыс етті. Қазылар алқасы атакты колбасшылар Бауыржан Момышұлы мен Иван Панфиловтың портреттерін ұсынған ефрейтор Максим Свиридовтың (18404 әскери бөлімі) жұмысын үздік деп таныды. Екінші орында Қарулы күштердің қызметкері Айнур Аскарқызы (32355 әскери бөлімі). Ол қазылар алқасын стильдендірілген ұлттық баскиімдермен және басқа да сәндік-қолданбалы колөнер заттарымен таңғалдырып. Үшінші орын Құрлық әскерлері әскери институтының курсанты Әміре Телеуовке бұйырды. Ол 2019



жылдан 2022 жылға дейін әскери институтты басқарған генерал-майор Дулат Адырбековтың портретін майлы бояумен салған.

Іс-шара фестиваль жеңімпаздарының қатысуымен өткен гала-концертпен аяқталды.

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ СУРЕТ КӨРМЕСІ

Қылқалам шебері Айғана Ғалидың Дубайда жеке көрмесі өтті. Шетелдің белді галереяларына өзінің туындыларын жиі таныстыратын талантты қазақ аруы өмірлік тұрғындарына «Тәңір» атты топтамасын ұсынды.

Абстракциялық жанрада бейнеленген 10 суреттің әрқайсысы — бүтін шығарма. Автор түс пен пішіндерді ойната отырып, ғалам көрінісін, аламзаттың бүгінгі күйі мен әлемнің сырын жеткізуге тырысқан. Жарықты бейнелей отырып, өзі дүниеге келген қазақ даласы мен көшпенділердің өмірлік философиясын жеткізе білген.

Суретшінің шығармашылығы әралуан. Әсіресе, оның матаға салған суреттері жоғары сұранысқа ие болды. Айта кетейік, Айғана Ғали әлемге өзінің «Дала» атты өнер туындыларымен танымал болған еді.

— Маған нақты көріністер келе бастады. Менің студиямда бұған дейін сызғыш не циркуль болған емес. Шамамен 5 жылдай бұрын ойыма келген айқын картиналарды қағазға түсіре бердім. Туындыларды бірінен соң бірін сала бердім. Сол кезде маған анық философиялық түсінік келді. Бұл «шығармашылық хабарламалардың» қаншалықты маңызды болғандығын қазір жақсы түсініп отырмын, — дейді суретші.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 45102  
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4381

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30,

тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ

Мұқанов көшесі, 223 В

Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,

Әлімқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114